# 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 709, 710, 711, 712-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
709-қосымша

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**001 "**Әкімшілік шығыстар" республикалық бюджеттік бағдарламаның 2003 жылға арналған

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 48894 мың теңге (қырық сегіз миллион сегіз жүз тоқсан төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-30-баптары; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 28 наурыздағы N 2920 Жарлығы ; "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көзі: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын, мүшелерін және оның аппаратын ұстау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: өздеріне жүктелген міндеттердің мейлінше тиімді орындалуына қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының, мүшелерінің және оның аппаратының қызметін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

р/н!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның!Бағдарламаны іске!Орындау! Жауапты

N !дар.!бағ.! (кіші бағ. !асыру жөніндегі !мерзімі!атқарушылар

!ла. !дар.! дарламаның) !іс-шаралар ! !

!ма. !ла. ! атауы ! ! !

!ның !ма. ! ! ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

001 Әкімшілік Қазақстан Респуб. Жыл Қазақстан

шығыстар ликасы Конститу. бойы Республикасы.

001 Орталық циялық Кеңесінің ның

орган Төрағасын, мүше. Конституциялық

аппараты лерін және оның Кеңесі

аппаратын 29 бір.

лікте бекітілген

штат саны лимиті

шегінде ұстау

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: аппаратқа жүктелген міндеттердің сапалы әрі уақтылы орындалуы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің үздіксіз қызмет істеуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
710-қосымша

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**010 "Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламаның 2003 жылға арналған ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 157 мың теңге (бір жүз елу жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көзі: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді атқару және кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында, қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби қызмет саласындағы теориялық және практикалық білімін, оқыту бағдарламасы бойынша шеберлігі мен ептілігін жаңғырту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

р/н!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның!Бағдарламаны іске!Орындау! Жауапты

N !дар.!бағ.! (кіші бағ. !асыру жөніндегі !мерзімі!атқарушылар

!ла. !дар.! дарламаның) !іс-шаралар ! !

!ма. !ла. ! атауы ! ! !

!ның !ма. ! ! ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 010 Кадрлардың

біліктілігін

арттыру және

қайта даярлау

005 Мемлекеттік Біліктілік арт. жыл Қазақстан

қызметшілердің тырудың бекітілген бойы Республикасы.

біліктілігін жоспарына сәйкес, ның

арттыру мемлекеттік қыз. Конституциялық

метшілердің білік. Кеңесі

тілігін арттыру

бойынша қызметті,

соның ішінде мем.

лекеттік тілді

оқыту қызметін
сатып алу.
Тыңдаушылардың
саны 29.
-------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттің қазіргі экономикалық жағдайы мен ресурстық мүмкіндіктеріне сәйкес, мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына жауап беретін сапалы түрде оқытудың тиімді жүйесін қалыптастыру және дамыту арқылы мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
711-қосымша

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**500 "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне ақпараттық-есептеу қызметін көрсету" республикалық бюджеттік бағдарламаның 2003 жылға арналған ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1440 мың теңге (бір миллион төрт жүз қырық мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 28 наурыздағы N 2920 Жарлығы ; "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, бюрократизммен күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көзі: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінде пайдаланылатын есептеу техникасына қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне ену.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне ақпараттық-техникалық қызмет көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------

р/н!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның!Бағдарламаны іске!Орындау! Жауапты
N !дар.!бағ.! (кіші бағ. !асыру жөніндегі !мерзімі!атқарушылар
!ла. !дар.! дарламаның) !іс-шаралар ! !

!ма. !ла. ! атауы ! ! !
!ның !ма. ! ! ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
-----------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
1 500 Қазақстан 29 пайдаланушыға жыл Қазақстан
Республикасының арналған электрон. бойы Республикасы.
Конституциялық дық пошта және Ин. ның
Кеңесіне тернет бойынша қызмет. Конституциялық
ақпараттық-есеп. Компьютерлік және Кеңесі
теу қызметін ұйымдастыру
көрсету техникасына
техникалық қызмет
көрсету және оны
жөндеу
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Конституциялық Кеңестің ақпараттық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін сапалы әрі уақтылы қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне ену.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
712-қосымша

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**600 "**Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесін есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламаның 2003 жылға арналған

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1144 мың теңге (бір миллион бір жүз қырық төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 28 наурыздағы N 2920 Жарлығы ; "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, бюрократизммен күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көзі: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметін материалдық-техникалық және бағдарламалық жағынан қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету, ақпарат жүйесін жасау, жұмыс орындарын автоматтандыру. Мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесіне бір мезгілде ену.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

----------------------------------------------------------------

р/н!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның!Бағдарламаны іске!Орындау! Жауапты

N !дар.!бағ.! (кіші бағ. !асыру жөніндегі !мерзімі!атқарушылар

!ла. !дар.! дарламаның) !іс-шаралар ! !

!ма. !ла. ! атауы ! ! !

!ның !ма. ! ! ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

----------------------------------------------------------------

1 600 Қазақстан Шығындық материал. Жыл Қазақстан

Республикасы. дар сатып алу: бойы Республика.

ның Конс. картриждер - сының

титуциялық 58 дана, ксерокске Конституция.

Кеңесін арналған тонер - 15 лық Кеңесі

есептеу дана дискеттер - 200

және ұйымдас. дана. Сканер - 6 дана,

тыру желілік карталар

техникасымен - 5 дана, HUB -

қамтамасыз 4 дана.

ету Желілік, қолданбалы

бағдарламалық

жабдықтауыш сатып

алу - 5 дана. 30

пайдаланушыға арналған

вирусқа қарсы

бағдарламалық жаб.

дықтауыш.

"1С бухгалтерия"
бағдарламалық
ілеспе және адаптация
------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Конституциялық Кеңестің аппаратын есептеу және ұйымдастыру техникасымен толық қамтамасыз ету. Ақпаратты рұқсатсыз пайдаланудан, сондай-ақ зиянды бағдарламалардың (" вирустардың") әсерінен сақтауды қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК